

Г.К. Тәжіғалиева, Г.Б. Аскеева, Б.А. Габдулина

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: tazhigaliyevagulzira@gmail.com, askeeva@mail.ru, bagish68@yandex.ru)

Қазақстан Республикасының көп балалы отбасыларын қолдаудағы мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалау

Аңдатпа. Отбасы қоғамның құрылыс материалы іспеттес, осы орайда отбасы саясаты маңызды. Мықты және дені сау отбасылар жеке адамдардың, қауымдастықтардың және ұлттардың әл-ауқатына үлес қосады. Шаралар жүйесі кедейлік, теңсіздік және әлеуметтік оқшаулану сияқты бірқатар әлеуметтік мәселелерді шешуге көмектеседі. Отбасыларды қолдау арқылы үкіметтер қоғамның экономикалық өсуіне және әлеуметтік тұрақтылығына ықпал ете алады. Саяси және мәдени контекстке байланысты отбасылық саясатқа әртүрлі көзқарастар бар. Кейбір елдер отбасыларды қаржылық қолдауға басымдық береді, ал басқалары бала күтімі және білім беру сияқты қызметтерді ұсынуға назар аударады. Бұл саясат халықтың қартаюы және отбасы құрылымының өзгеруі сияқты демографиялық тенденциялармен де анықталуы мүмкін. Отбасы халықтың көбеюінің табиғи құралы ретінде ең алдымен табиғи өсу функциясын орындайды. Қазақстан үкіметі отбасылық-демографиялық саясаттың пронаталистік форматын қолдайды. Көп балалы отбасы отбасылық-демографиялық саясаттың қазіргі кезеңінде адами капиталды жеткізуші де, белгілі бір тәуекелдерді тасымалдаушы да, қоғам дамуындағы кейбір сын-қатерлердің қозғаушы күші ретінде әрекет етеді.

Көп балалы болу-бұл сабақтас пәндердің қарастыратын негізі, айталық, саясаттану, демография, экономика, психология және т.б. Отбасы жөніндегі саясаттың әртүрлі теориялары, модельдері мен тұжырымдамалары бар, мұнда зерттеушілер қазіргі заманғы отбасылық саясаттың ағымдағы шараларын жақсартудың және шешудің әртүрлі тетіктерін ұсынады.

Түйін сөздер: отбасы саясаты, отбасы, көп балалы отбасы, балаларға арналған жәрдемақылар.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6887/2023-144-3-61-70>

Түсті: 22.05.2023 / Жариялауға қабылданды: 10.08.2023

Кіріспе

Докторлық диссертацияны жазу аясында мақала авторы саясаттану кафедрасының профессорының жетекшілігімен қазіргі көпбалалы отбасының өзекті мәселелерін қарастырды. Көп балалы болуға көшу факторлары зерттелді, оған әсер ететін әртүрлі саяси, экономикалық, мәдени тұстары талданды.

Шетелдік зерттеулер көрсеткендей, көп балалы болу-бұл өзара байланысты зерттеу тұрғысынан ғалымдарды қызықтыратын өте күрделі процесс, яғни көп балалы

отбасы, айталық, балалар кедейлігі, көп балалы отбасы-тұрғын үй мәселесі, көп балалы отбасы-отбасы мүшелерінің әлеуметтік оқшаулануы, көп балалы отбасы әртүрлі ресурстардың тапшылығы, оның ішінде уақытша, физиологиялық, материалдық дегендей, көп балалы отбасы – психологиялық факторлар.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық құжаттарында [1] және ғылыми зерттеулерде көп балалы болу дегеніміз отбасында төрт және одан да көп баланың

болуымен айқындалады. Көпбалалы отбасылар арасында әртүрлі типтер бар екенін атап өту маңызды, соның ішінде бірге туған, өгей және асырап алынған балалары бар отбасылар. Сонымен қатар, урбанизация, индустрияландыру, әйелдің және отбасының рөлінің өзгеруі, балаларға деген көзқарастың өзгеруі және басқа да әртүрлі факторлар көп балалы болуға әсер етеді [2].

Аталған мақаланың мақсаты Қазақстанның көпбалалы отбасыларын, келешегі мен сын-тегеуріндерін шешудегі мемлекеттік шаралар мен бағдарламалардың тиімділігін бағалау. Көп балалы отбасылық саясат әртүрлі контекстте ретроспективті әдіспен де зерттелді. Мбизво, Адамчак (1991) «Зимбабведегі ерлердің отбасын жоспарлау туралы білімі, көзқарасы және тәжірибесі» зерттеулері көрсеткендей, ер адамдар отбасын жоспарлау әдістерін қолдану туралы шешім қабылдауда және ерлі-зайыптылардың балаларының санын анықтауда маңызды рөл атқарады [3]. Айталық, Эфиопия мемлекетінің қалаларында Сахлейесус, Бейджот, Закус (2009) «Қалалық Эфиопиядағы отбасылық өлшемдерге қатысты көзқарас» атты зерттеуінде қатысушылардың көпшілігі төрт немесе одан да көп балалы отбасын көп балалы деп анықтаса, отбасының үлкен мөлшерін құптамады [4]. Алайда, Үндістанның ауылды аймақтарында Радж, Карник (1968) «Ауылдағы отбасын жоспарлаудың мінез-құлық факторларын зерттеу» жұмыстарында ерлі-зайыптылардың 23,7%-ы көп балалы отбасыларды қалағаны анықталды, өйткені балалардың көп болуы жұмыс істейтін жұмыс күшінің көп болуын және отбасылық табыстың жоғарылауын білдіреді [5]. Нигерияда жүргізілген тағы бір зерттеуден Исиуго-Абанихе (1994) «Нигериялық ер адамдар арасындағы репродуктивті мотивация және отбасы көлемі жөнінде талғамдары» мақаласында ерлерге арналған бағдарламалардың қажеттілігі бар екенін және олардың демографиялық мәселелерге деген көзқарасын өзгертуге, сондай-ақ, олардың әйелдерін шағын отбасылар құруға ынталандыруға сұраныс бар екенін көрсетті [6]. Солтүстік

Нигерияда контрацептивтер туралы түсінік кең таралған, жалпы экономикалық себептерге байланысты отбасы мөлшерін шектеуге қатысты көзқарас теріс, сондықтан контрацептивтерді қолданудың деңгейі де төмен екендігі Дузе мен Мұхаммед авторларының (2006) «Солтүстік Нигериядағы ерлердің білімі, көзқарасы және отбасын жоспарлау тәжірибесі» жазбасында толығырақ талданған [7]. Му және Чен (2022) «Қытайдың отбасын жоспарлау саясаты бойынша ұрпақтар арасындағы табыс ұтқырлығына отбасы мөлшерінің әсері: сан мен сапа арасындағы айырмашылықты сынау» тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған, отбасын жоспарлау саясатын қалыптастыру үшін теориялық негізді қамтамасыз ететіндей, Қытайдағы отбасын жоспарлау саясаты аясында отбасы мөлшерінің ұрпақтар арасындағы табыстың ұтқырлығына отбасы көлемінің ықпалы зерттелді [8]. Нигерияның ауылдық және қалалық аймақтарында (FCT) жүргізілген кросс-зерттеу әйелдердің балалар саны мен әйелдердің отбасын жоспарлауға қатынасы арасындағы байланысты анықтады [9]. 1980 жылдардан бастап Вьетнамның демографиялық саясаты отбасын екі баламен шектеу саясатын көздеді, сондай-ақ, табиғи өсім мен халық санын тұрақтандыру мақсатында Вьетнамның демографиялық саясаты контрацепция мен түсік жасатуға тым көп көңіл бөлетіндігін айтуға болады [10].

[11], [12], [13] және [14] сілтемелердегі мақалалар Қазақстанның отбасылық саясаты мен көпбалалы отбасыларға қолдау бағдарламаларын да қоса талқылайды. Қазақстандағы отбасы саясаты жөнінде сарапшылар арасында жүргізілген сауалнаманың нәтижелері Д.А.Нестереня және Д.Б.Дәуен авторларының «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ГЕНДЕРЛІК САЯСАТЫ» мақаласында нақты талданған [11]. Мемлекет және қоғамның басқа да әлеуметтік институттары тарапынан Қазақстандағы көпбалалы отбасыларға әлеуметтік көмек көрсетуге және қорғауға бағытталғаны туралы Н.Т.Едренова, М.С.Садырова жұмыстарында толық баяндалады [12]. Ал Байбахов Н., Каныбекова К., Ниязов

Н., Азизбекова А. авторларының «Қазіргі Қазақстандағы және посткеңестік елдердегі көп балалы отбасыларға әлеуметтік қолдау: социологиялық талдау» мақаласында мемлекеттің көпбалалы отбасыларын қолдау шараларын басқа посткеңестік елдерде қабылданған шаралармен салыстырады [13]. Бұл зерттеулер Қазақстандағы көпбалалы отбасыларға қатысты саясаттың қазіргі ағымдағы жай-күйі туралы түсінік береді.


Қазақстанның мемлекеттік отбасылық саясаты өзіндік ерекшелігімен және бірегейлігімен ерекшеленбейді және мейлінше имплицитті сипатқа ие. Әлеуметтік құрылымдар мен қызметтер жеке тұлғаның өтініш принципі бойынша жұмыс істейді, аталған принцип қоғам тарапынан теріс сипатқа ие деуге болады.

Әдістер мен материалдар. Социологиялық ақпаратты жинау үшін сандық әдістер қолданылды: А) сауалнама (сауалнаманы өздігінен толтыру). Сауалнама 2020 жылдан 2023 жылға дейін google-forms көмегімен жүргізілді. ақпараттық таратылым-WhatsApp мессенджері қолданылды. Көп балалы ата-аналар үшін жалпы іріктеу көлемі шамамен 394 адамды құрады. Қазақстанның көпбалалы отбасыларын іріктеудің көрсеткіші статистикалық деректер негізінде қамтамасыз етілді [14]. Қазақстанның барлық облыстарынан

респонденттерді қамту сияқты берілген критерийлер бойынша; елді мекеннің түрі (қалалық және ауылдық); балалар саны; екі ата-ананың жұмысқа орналасуы; отбасы мүшелерінің бос уақытын өткізу түрлері; отбасының материалдық мәртебесі; балалар жәрдемақыларының мөлшеріне қанағаттану. Әлеуметтанулық сауалнама келесідей реттілікпен жүргізілді: 1) дайындық кезеңі құралдар жинағын (сауалнамалар, блоктар бойынша сауалнамалар) әзірлеу, іріктеу әдістемесін әзірлеу; 2) далалық кезеңі респонденттерді іріктеу және эмпирикалық ақпаратты жинау (сауалнама жүргізу, сауалнаманы тарату, кездейсоқ әдісімен сауалнама жіберу, оның ішінде); 3) деректерді өңдеу, талдау және қорыту кезеңі - жоғарыда сипатталған талдау әдістерін қолдану, IBM SPSS Statistics лицензиялық бағдарламаны қолдана отырып деректерді визуализациялау. Сауалнама 2020 жылдан бастап 2023 жылға дейін Қазақстанның көптеген облыстарында анонимді түрде жүргізілді.

Нәтижелер


1. Көп балалы отбасылардың ата-аналарының көпшілігі некеде, некенің жоғары пайызы ғалымдарды қуантпауы мүмкін емес, өйткені әлемдегі отбасының дәстүрлі моделінің аталған көрсеткішінің төмендеу қаупі бар (сурет 1).



Сурет 1.

2. Сауалнамаға қатысқандардың тек 50%-ы ғана ерлі-зайыптылардың екеуі бірдей жұмыс істейді, 33%-ы ерлі-зайыптылардың біреуі ғана жұмыс істейді


деп жауап берді, бұл бізге көп балалы ата-аналарды еңбек нарығындағы жұмыспен қамтудың көрсеткіштерінің төмендігін көрсетті (сурет 2).



Сурет 2.


3. Респонденттердің 60% тұрғын үйін жақсартуға мұқтаж отбасылар, біздегі тұрғын үймен қамтамасыз ету бойынша қолда бар бағдарламалардың өте аз

екенін көрсетті, өйткені олардың негізгі аспектілерін іске асыру мұқтаждардың қажетті пайызын толық қамти алмайды (сурет 3).




Сурет 3.

4. Қалалық және ауылдық отбасылар бірдей көп балалы, бұл урбанизация сияқты жаһандық тренд Қазақстандық отбасылардағы балалардың санына және әйелдің оларды иеленуге деген ұмтылысына нақты әсер етпейтінін білдіреді (сурет 4).



Сурет 4.

5. Сауалнамаға қатысқан респонденттердің 63%-ы балаларына жеңілдікті жәрдемақы алушылар, бұл сөзсіз мемлекеттік бюджетке қосымша жүктеме деуге болады (сурет 5).



Сурет 5.

6. Респонденттердің 65%-ы ай сайынғы жәрдемақылардың мөлшеріне қанағаттанбайтынын атап өтті, бұл да Қазақстанның қазіргі отбасылық саясатының эволюциясының мәжбүрлі жанама алғышарты деуге тұрарлық.

7. Респонденттердің шамамен 60% - ы мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігі туралы қосымша түсініктеме талап етпейтін тармаққа мемлекеттің балаларға төлейтін ай сайынғы жәрдемақылардың мөлшеріне қанағаттанбайтындарын айтты. Ғылыми журналдың мақаланы ресімдеудегі талаптарына сәйкес алынған сауалнама нәтижелерінің бүкіл процесін жариялау мүмкін емес. Сонымен, біз сауалнамаға қатысты кейбір өзекті сұрақтарды ғана қамти алдық. Көпбалалы отбасылар тұрғын үй және материалдық проблемалармен байланысты бірқатар қиындықтарға тап болуда. Бұл сын-қатерлер назар аударуды және мемлекеттік отбасылық саясатты жаңғырту саласында тиісті саяси шешімдер қабылдауды талап етеді.

Айта кету керек, бұл зерттеу белгілі бір шектеулерге ие, өйткені ол негізінен төрт немесе одан да көп балалары бар отбасына тән мәселелерді іздестіруге және анықтауға бағытталған. Сонымен қатар, отбасының эмпирикалық көрінісіне әсер етуі ықтимал медициналық, моральдық, мәдени немесе діни сияқты басқа аспектілер толық қарастырылған жоқ. Сондай-ақ, зерттеу халықтың осал топтарын әлеуметтік қорғаудың негізгі нормаларын белгілейтін заңнаманы ескере отырып жүргізілгенін атап өткен жөн, бұл көп балалы отбасыларды қолдауға арналған қолданыстағы құқықтық шеңберлер мен әлеуметтік бағдарламаларға бағытталуды білдіреді.

Қорытынды және проблемаларды шешу жолдары. Отбасылық саясаттағы көп балалы болу қоғамның әлеуметтік және экономикалық дамуына айтарлықтай әсер етеді, сондықтан кешенді тәсілді қолдануды және мемлекет тарапынан шешуші шаралар қабылдауды талап етеді.

1. Көп балалы отбасылардың резильенттілігін қалыптастырудағы мемлекеттік қолдаудың рөлі. Неке

және отбасы институтына ықпал ететін факторлардың күрделілігі және алуантүрлілігі дәрежесінің жоғары болуына байланысты мемлекеттік қолдау жүйелі және көп қырлы болуы тиіс. Отбасын құру және денсаулық үшін қолайлы жағдайды, әлеуметтік қызметтерге қолжетімділікті қамтамасыз ететін экономикалық сипаттағы шаралар енгізілуі тиіс.

2. Көп балалы отбасы мәселелерін шешудегі пәнаралық тәсіл-тиімді отбасылық саясат әртүрлі білім салалары мен практикалық тәсілдердің өзара әрекеттесуін талап етеді. Бұған көпбалалы отбасылардың әлеуметтік қажеттіліктерін зерттеуге арналған әлеуметтанулық зерттеулерді, олардың экономикалық тәуелсіздік дәрежесін бағалауға арналған кәсіби талдауды, отбасының денсаулығы мен әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін психологиялық және медициналық, сондай-ақ қолдаудың тиімді тетіктерін әзірлеу үшін құқықтық және саяси зерттеулерді қамтиды.

3. Мемлекеттік отбасылық саясаттағы әлеуметтік инклюзия және әділеттілік принциптері – отбасылық саясатты жүзеге асыруда жетістікке жету үшін әлеуметтік инклюзия мен әділеттілік принциптерін ескеру қажет. Бұл барлық отбасылар үшін олардың санына, әлеуметтік мәртебесіне немесе басқа сипаттамаларына қарамастан тең мүмкіндіктер беруді білдіреді. Мемлекет кемсітушілік пен теңсіздікті жоюға ұмтылуға, сондай-ақ көпбалалы отбасылардың нақты қажеттіліктері негізінде қолдау көрсетуге тиіс.

4. Мәдени-білім беру бағдарламалары арқылы неке және отбасы институтын нығайту – отбасылық өмір салтының құндылығын арттыру үшін неке мен отбасына оң көзқарасты қалыптастыруға бағытталған мәдени-білім беру бағдарламаларын енгізу қажет. Бұл бағдарламалар гендерлік теңдік, отбасылық құндылықтар және рухани-адамгершілік даму қағидаттарына негізделіп, тұрақты және салауатты отбасылық қатынастарды қалыптастыруға ықпал етуі қажет.

5. Көп балалы отбасылардағы әлеуметтік проблемалардың алдын алу және оларды еңсеруге қатысты –

мемлекеттік отбасылық саясат отбасылық қолайсыздыққа, балалардың қараусыз қалуына және панасыздыққа байланысты проблемаларды белсенді түрде алдын алуы және шешуі тиіс. Бұған көпбалалы отбасыларды әлеуметтік қорғау мен қолдауды қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау, алдын алу іс-шараларын жүргізу, сондай-ақ көпбалалы отбасылардан шыққан балаларды білім беру және мәдени-білім беру бағдарламаларына қосуға жәрдемдесу қажет.

6. Көп балалы отбасылардың өзін-өзі ұйымдастыруы мен әлеуметтік кәсіпкерлік-отбасылық саясатты тиімді іске асыру үшін көп балалы отбасыларда әлеуметтік кәсіпкерліктің бастамаларын қолдау және дамыту маңызды. Бұл – отбасылық кәсіпкерлікті дамыту үшін жағдай жасауды, отбасылық жобалар мен бастамаларды

қолдауды, сондай-ақ өз мүдделерін қорғау және ілгерілету үшін көп балалы отбасылардың өзін-өзі ұйымдастыруға жәрдемдесуді қарастыруы қажет.

7. Мемлекеттік шаралар мен қолдаудың тиімділігін бағалауға қатысты авторлар мынаны атап өтеді. Қазіргі Қазақстан мемлекеті көп балалы отбасыларға бастама көтеріп, көп балалы отбасы арқылы халықты көбейтуге шақырады, түрлі шаралар мен мемлекеттік бағдарламалар түрінде жан-жақты қолдау көрсетеді. Бұл ретте, бұл қолдау шараларының барлығы әзірге жоғары нәтижелі емес екенін атап өткен жөн, өйткені олар күтілетін нәтиже бермейді. Көп балалы отбасыларға қатысты мемлекеттік саясатты жоғарыда айтылған тұжырымдар мен мәселелерді шешу жолдарына сәйкес жаңғырту міндеті өзекті болды.

Әдебиеттер тізімі

1. Пособия и льготы для многодетных семей [Электрон. ресурс] – 2022. –URL: [https://egov.kz/cms/ru/articles/family_support/posobiya-i-lgoty#:~: text \(дата обращения 15.05.2023\).](https://egov.kz/cms/ru/articles/family_support/posobiya-i-lgoty#:~:text=(дата%20обращения%2015.05.2023).)
2. Пособия и льготы для многодетных семей [Электрон. ресурс] – 2022. –URL: [https://egov.kz/cms/ru/articles/family_support/posobiya-i-lgoty#:~: text \(дата обращения 15.05.2023\).](https://egov.kz/cms/ru/articles/family_support/posobiya-i-lgoty#:~:text=(дата%20обращения%2015.05.2023).)
3. Mbizvo, Adamchak (1991). Family Planning Knowledge, Attitudes, and Practices of Men in Zimbabwe. *Studies in Family Planning*, 1(22), 31. [Электрон. ресурс] – 2022. – URL: <https://doi.org/10.2307/196651> (дата обращения 16.05.2023).
4. Sahleyesus, Beaujot, Zakus (2009). Attitudes toward Family Size Preferences in Urban Ethiopia. *Journal of Comparative Family Studies*, 1(40), 97-117. [Электрон. ресурс] – 2022. – URL: <https://doi.org/10.3138/jcfs.40.1.97> (дата обращения 16.05.2023).
5. Raj, Karnik (1968). A Study of Behavioural Factors of Family Planning in a Village. *Health Education Journal*, 3(27), 133-138. [Электрон. ресурс] – 2022. – URL: <https://doi.org/10.1177/001789696802700305> (дата обращения 17.05.2023).
6. Isiugo-Abanihe (1994). Reproductive Motivation and Family-Size Preferences among Nigerian Men. *Studies in Family Planning*, 3(25), 149. [Электрон. ресурс] – 2022. – URL: <https://doi.org/10.2307/2137941> (дата обращения 17.05.2023).
7. Duze, Mohammed. (2006). Male Knowledge, Attitudes, and Family Planning Practices in Northern Nigeria / *Connaissance, attitude et pratiques de la planification familiale chez les hommes au Nigéria du nord. African Journal of Reproductive Health*, 3(10), 53. <https://doi.org/10.2307/30032471> (дата обращения 18.05.2023).
8. Mu, Chen (2022). Family-Size Effect on Intergenerational Income Mobility under China's Family Planning Policy: Testing the Quantity-Quality Trade-Off. *Sustainability*, 19(14), 12559. [Электрон. ресурс] – 2022. – URL: <https://doi.org/10.3390/su141912559> (дата обращения 18.05.2023).
9. Esther (2022). Impact of Parity of Women on their Uptake of Family Planning in Rural and Urban Areas of FCT, Nigeria. *ПІРН*, 3(10), 42-50. [Электрон. ресурс] – 2022. – URL: <https://doi.org/10.21522/tijph.2013.10.03.art004>(дата обращения 18.05.2023).
10. Paul, Mishra (2022). Population control bill of Uttar Pradesh (two-child norm): An answer to population explosion or birth of a new social problem?. *J Family Med Prim Care*, 8(11), 4123. [Электрон. ресурс] – 2022. – URL: https://doi.org/10.4103/jfmpc.jfmpc_2326_21 (дата обращения 19.05.2023).
11. Iskakova, Kalashnikova, Onychko, Salikzhanov, Smagambet, Otar, ... & Abetova (2021). Family Policy as a Power Source of Political Stability: The Experience of Kazakhstan. *Social Politics International*

Studies in Gender State & Society, 2(29), 521-535. [Электрон. ресурс] – 2022. – URL: <https://doi.org/10.1093/sp/jxaa043> (дата обращения 19.05.2023).

12. Nesterenya (2020). modern gender situation in Kazakhstan. *Bullet. Ser. of Socio. and Polit. Sc.*, 1(69), 201-205. [Электрон. ресурс] – 2022. – URL: <https://doi.org/10.51889/2020-1.1728-8940.32> (дата обращения 21.05.2023).

13. Yedrenova, Sadyrova (2021). SOCIAL STATUS OF LARGE FAMILIES IN KAZAKHSTAN. *Bullet. Ser. of Socio. and Polit. Sc.*, 73(1), 177-183. [Электрон. ресурс] – 2022. – URL: <https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-8940.25>(дата обращения 21.05.2023).

14. Baibakhov, Kanybekova, Niyazov, Azizbekova (2022). Social support of large families in modern Kazakhstan and in post-Soviet countries: sociological analysis. *WinRS*, 1S, 87-94. [Электрон. ресурс] – 2022. – URL: <https://doi.org/10.21064/winrs.2022.0.9> (дата обращения 23.05.2023).

15. Социальные пособия, кроме социальных трансфертов в натуральной форме [Электрон. ресурс] – 2022. – URL: [https://taldau.stat.gov.kz/ru/NewIndex/GetIndex/18198767?keyword =](https://taldau.stat.gov.kz/ru/NewIndex/GetIndex/18198767?keyword=) (дата обращения 24.05.2023).

Г.К. Тажигалиева, Г.Б. Аскеева, Б.А. Габдулина
Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,
Астана, Казахстан

Оценка эффективности государственных программ в поддержке многодетных семей в Республике Казахстан

Аннотация. Семейная политика важна, потому что семьи являются строительными блоками общества. Крепкие и здоровые семьи вносят свой вклад в благополучие отдельных людей, сообществ и наций. Система мер может помочь решить целый ряд социальных проблем, таких как бедность, неравенство и социальная изоляция. Поддерживая семьи, правительства могут также способствовать экономическому росту и социальной стабильности социума. Существуют различные подходы к семейной политике, в зависимости от политического и культурного контекста. Некоторые страны уделяют приоритетное внимание финансовой поддержке семей, в то время как другие сосредоточиваются на предоставлении таких услуг, как уход за детьми и образование. Данная политика также может определяться демографическими тенденциями, такими как старение населения и изменение структуры семьи. Семья как естественный инструмент воспроизводства населения выполняет прежде всего функцию прироста. В Казахстане правительством поддерживается пронаталистский формат семейно-демографической политики. Многодетная семья на современном этапе семейно-демографической политики выступает как поставщиком человеческого капитала, так и носителем определенных рисков, триггером некоторых вызовов в развитии общества. Многодетность есть краеугольный камень смежных дисциплин: политологии, демографии, экономики, психологии и др. Существуют различные теории, модели и концепции семейной политики, где исследователями решаются и предлагаются различные механизмы улучшения текущих мер современной семейной политики.

Ключевые слова: семейная политика, семья, многодетная семья, пособия на детей.

G.K. Tazhigalieva, G.B. Askeeva, B.A. Gabdulina
L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Evaluation of the effectiveness of the government programs in support of large families in the Republic of Kazakhstan

Abstract. Family policy is important because families are the building blocks of society. Strong and healthy families contribute to the well-being of individuals, communities, and nations. A system of measures can help solve several social problems, such as poverty, inequality, and social exclusion. By supporting families, Governments can contribute to economic growth and social stability. The family policy has different approaches, depending on the political and cultural context. Some countries prioritize financial support for families, while others focus on providing services such as childcare and education. This policy

may also be determined by demographic trends, such as population ageing and changing family structure. As a natural instrument of reproduction of the population, the family performs primarily the function of growth. In Kazakhstan, the government supports the pro-natalist format of family and demographic policy. A large family at the present stage of family and demographic policy acts as a supplier of human capital, as well as a carrier of certain risks, a trigger of some challenges in the development of society. Having many children is the cornerstone of related disciplines: political science, demography, economics, and psychology. There are various theories, models, and concepts of family policy, where researchers solve and propose various mechanisms for improving current measures of modern family policy.

Keywords: family policy, family, large family, child allowances.

References

1. Posobija i l'goty dlja mnogodetnyh semej [Allowances and benefits for large families]. Available at: https://egov.kz/cms/ru/articles/family_support/posobiya-i-lgoty#:~: text (accessed 15.05.2023).
2. Posobija i l'goty dlja mnogodetnyh semej [Allowances and benefits for large families]. Available at: https://egov.kz/cms/ru/articles/family_support/posobiya-i-lgoty#:~: text (accessed 15.05.2023).
3. Mbizvo, Adamchak. Family Planning Knowledge, Attitudes, and Practices of Men in Zimbabwe. *Studies in Family Planning*, 1(22), 31. Available at: <https://doi.org/10.2307/196651> (accessed 16.05.2023).
4. Sahleyesus, Beaujot, Zakus (2009). Attitudes toward Family Size Preferences in Urban Ethiopia. *Journal of Comparative Family Studies*, 1(40), 97-117. Available at: <https://doi.org/10.3138/jcfs.40.1.97> (accessed 16.05.2023).
5. Raj, Karnik (1968). A Study of Behavioural Factors of Family Planning in a Village. *Health Education Journal*, 3(27), 133-138. [Электрон. ресурс] – 2022. – URL: <https://doi.org/10.1177/001789696802700305> (accessed 17.05.2023).
6. Isiugo-Abanihe (1994). Reproductive Motivation and Family-Size Preferences among Nigerian Men. *Studies in Family Planning*, 3(25), 149. Available at: <https://doi.org/10.2307/2137941> (accessed 16.05.2023).
7. Duze, Mohammed. (2006). Male Knowledge, Attitudes, and Family Planning Practices in Northern Nigeria / *Connaissance, attitude et pratiques de la planification familiale chez les hommes au Nigéria du nord*. *African Journal of Reproductive Health*, 3(10), 53. Available at: <https://doi.org/10.2307/30032471> (accessed 16.05.2023).
8. Mu, Chen (2022). Family-Size Effect on Intergenerational Income Mobility under China's Family Planning Policy: Testing the Quantity-Quality Trade-Off. *Sustainability*, 19(14), 12559. Available at: <https://doi.org/10.3390/su141912559> (accessed 18.05.2023).
9. Esther (2022). Impact of Parity of Women on their Uptake of Family Planning in Rural and Urban Areas of FCT, Nigeria. *TIJPH*, 3(10), 42-50. Available at: <https://doi.org/10.21522/tijph.2013.10.03.art004> (accessed 18.05.2023).
10. Paul, Mishra (2022). Population control bill of Uttar Pradesh (two-child norm): An answer to population explosion or birth of a new social problem?. *J Family Med Prim Care*, 8(11), 4123. Available at: https://doi.org/10.4103/jfmpc.jfmpc_2326_21 (дата обращения 19.05.2023).
11. Iskakova, Kalashnikova, Onychko, Salikzhanov, Smagambet, Otar, ... & Abetova (2021). Family Policy as a Power Source of Political Stability: The Experience of Kazakhstan. *Social Politics International Studies in Gender State & Society*, 2(29), 521-535. Available at: <https://doi.org/10.1093/sp/jxaa043> (accessed 19.05.2023).
12. Nesterenya (2020). modern gender situation in Kazakhstan. *Bullet. Ser. of Socio. and Polit. Sc.*, 1(69), 201-205. Available at: <https://doi.org/10.51889/2020-1.1728-8940.32> (accessed 21.05.2023).
13. Yedrenova, Sadyrova (2021). SOCIAL STATUS OF LARGE FAMILIES IN KAZAKHSTAN. *Bullet. Ser. of Socio. and Polit. Sc.*, 73(1), 177-183. [Электрон. ресурс] – 2022. – URL: <https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-8940.25> (accessed 21.05.2023).
14. Baibakhov, Kanybekova, Niyazov, Azizbekova (2022). Social support of large families in modern Kazakhstan and in post-Soviet countries: sociological analysis. *WinRS*, 1S, 87-94. Available at: <https://doi.org/10.21064/winrs.2022.0.9> (accessed 23.05.2023).
15. Социальные пособия, кроме социальных трансфертов в натуральной форме Available at: [https://taldau.stat.gov.kz/ru/NewIndex/GetIndex/18198767?keyword =](https://taldau.stat.gov.kz/ru/NewIndex/GetIndex/18198767?keyword=) (accessed 24.05.2023).

Авторлар туралы мәлімет:

Тажигалиева Г.К. – саясаттану кафедрасының 3 курс докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Аскеева Г.Б. – ф.ғ.к, саясаттану кафедрасының профессоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Габдулина Б.А. – т.ғ.к., саясаттану кафедрасының меңгерушісі, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Tazhigalieva G.K. – The 3rd year doctoral student of the Department of Political Science, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Askeeva G.B. – Candidate of Philosophy, Professor, Department of Political Science, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Gabdulina B.A. – Candidate of Historical Sciences, Head of the Department of Political Sciences, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.